

## Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті қоса атқару туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 1996 жылғы 12 қарашадағы N 153 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 19 наурызда тіркелді. Тіркеу N 273. Күші жойылды - ҚР бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 26 ақпандағы N 66 қаулысымен.~V001077.

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қаулы етеді:

1. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті қоса атқарудың мынадай тәртібі бекітілсін:

1.1. Кастодиандық қызмет қызметтің айрықша болып табылатын түрлерінен басқа бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің кез-келген түрімен қоса атқарылады.

1.2. Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі кәсіби қызмет брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметтермен қоса атқарылады.

1.3. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің айрықша түрлері болып мыналар табылады:

- бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі;
- депозитарлық;
- биржадан тыс рыноктағы баға кесу жүйесінің;
- қор биржаларының;
- инвестициялық қордың бағалы қағаздар портфелін басқару.

2. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет Қазақстан

Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа өзге кәсіпкерлік қызметпен қоса атқарылмайды.

3. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті жүзеге асыруға

БҚҰК-ның лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары

құрылтай құжаттарын осы Қаулының талаптарына, оны жариялаған сәттен бастап

үш ай ішінде сәйкестендірсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Бағалы қағаздар рыногының

кәсіпқой қатысушыларының қызметін реттеу басқармасына және БҚҰК-ның  
ОСЫ

басқармаға жетекшілік жасайтын мүшесіне жүктелсін.

*Ұлттық комиссияның*

*Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК